

Астана қаласында "ТрансЕвразия" көлік-транзит әлеуеті және "Транзит" халықаралық көрмесі бойынша халықаралық конференция үйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 6 қазандағы N 1418 Қаулысы

Ескерту. Қаулының тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1999.12.23 № 1965 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтетін континентаралық және субаймақтық көлік дәліздері бойынша тасымалдауларды үйымдастыру мәселелерін одан әрі практикалық жүзеге асыру, және қазіргі бар ғылыми және техникалық әлеуетті пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің "ТрансЕвразия" көлік-транзит әлеуеті жөніндегі халықаралық конференцияны Астана қаласында үш жылда бір рет және "Транзит" халықаралық көрмесін Астана қаласында жыл сайын өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.12.23 № 1965 Қаулысымен, өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.07.17 № 730 Қаулысымен.

2. "ТрансЕвразия" Қазақстан Республикасының көлік-транзит әлеуеті және "Транзит" халықаралық көрмесі бойынша халықаралық конференцияны әзірлеу және өткізу жөнінде Көлік және коммуникациялар министрлігінің басшылығымен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің, Әділет министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Экономика министрлігінің, Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің, Білім және ғылым министрлігінің, Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің, Астана қаласы әкімі аппаратының, "Қазақстан темір жолы" респубикалық мемлекеттік қесіпорнының және басқа да мемлекеттік үйымдардың өкілдерінен тұратын үйымдастыру комитеті құрылсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1999.12.23 № 1965 Қаулысымен.

3. Үйымдастыру комитетіне:

Астана қаласында одан кейінгі жылдары "ТрансЕвразия" көлік-транзит әлеуеті және "Транзит" халықаралық көрмесі бойынша халықаралық конференцияны әзірлеу және өткізу жөніндегі шаралар жоспарын дайындау және бекіту;

БҰҰ ЭСКАТО, БҰҰ ӘЕК, ЮНКТАД, ОЭС, ОСЖД, ИКАО халықаралық үйимдармен Орталық-Азия аймағы елдерінің көлік-транзит әлеуетін пайдалана отырып жаңа континентаралық және субаймақтық көлік дәліздерін қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу мен жүзеге асыруда жұмыс комитеттері мен жәрдемдесу ассоциацияларын құру белгінде үйлестіру жөніндегі жұмысты Қазақстан

Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің "Ақпараттық тұсауқесер орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жүктеу;

Казақстан Республикасы арқылы өтетін көлік дәліздерін қалыптастырудың жұмыс комитеттері мен жәрдемдесу ассоциацияларының жұмысына көмек көрсету үшін шетелдік және отандық инвесторларды таратудың мүмкіндігі туралы мәселені қарау;

Икемді кеден және тариф саясатының, нормативтік құқықтық базаны жетілдіру принципінде қалыптасадын көлік дәліздері бойынша тасымалдауларға мейлінше қолайлыш жағдайлар жасау мен практикалық ұйымдастыру жөніндегі ұсынысты әзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу тапсырылсын.

**Ескергу. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1999.12.23 № 1965
Қаулысымен.**

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп Қазақстанның БҰҰ ЭСКАТО көлік және коммуникациялар жөніндегі комитеттің жұмысына жүйелінегізде қатысуын қамтамасыз етсін.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

міндеттін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК